



ШЕШІМ

30 шілде 2015 жыл

Өтеген батыр кенті

РЕШЕНИЕ

№ 47-219

поселок Отеген батыра

Іле ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ
МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

Нормативтік құқықтық акт 2015 жылғы «20»
август Нормативтік құқықтық кесімдерді
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № *3352*
болып енгізілді

«Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабының 2-тармағына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі №512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы №2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2014 жылғы 5 наурыздағы №185 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, «Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 5 желтоқсандағы №471 Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының бұйрығына сәйкес Іле аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Іле ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Іле аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 маусымдағы «Іле ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылдың 1 тамызында №2792 болып тіркелген, «Іле таңы» газетінде 2014 жылдың 1 тамызында №32 жарияланған) №34-164 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

0000370

[Handwritten signatures]

3. «Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Құматаев Нұрлан Орынбасарұлына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Іле аудандық мәслихатының «Тұрғындарды әлеуметтік қорғау, еңбек, жұмыспен қамту, білім, денсаулық сақтау, мәдениет және тіл мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихат хатшысы

Надир

Ғ. Нәдірбекова

Е. Тұрымбетов

Е. Тұрымбетов



Аудандық мәслихат

Іле аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 шілдедегі «Іле ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» № 47-219 шешіміне келісім

«КЕЛІСІЛДІ»

«Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы



Құматаев Нұрлан Орынбасарұлы
30 шілде 2015 жыл

«Іле ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы



Чиндалиева Гүлбану Атамқұлқызы
30 шілде 2015 жыл

